

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт үйымдарының мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек тағайындау туралы

### **Күшін жойған**

Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2012 жылғы 07 желтоқсандағы № 52-13-5 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 10 қаңтарда № 3324 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2018 жылғы 23 ақпандағы № 120-23-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 23.02.2018 № 120-23-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "АгроОнеркәсптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Ертіс аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Ертіс ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт үйымдарының мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек көрсету 5 (бес) мың теңге мөлшерде жылына бір рет қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының норма талаптарына сәйкес "Ертіс ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне осы шешімнің 1 тармағының орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт үйымдарының мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек қаржыландыру 2012 жылға арналған аудан бюджеті аясында жүзеге асырылады.

4. Бұрын қабылданған Ертіс аудандық мәслихатының 2012 жылғы 1 қарашадағы "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт үйымдарының мамандарына отын сатып

алуға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі Нұсқаулығы туралы" № 49-12-5 күші жойылсын.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономика, бюджет және әлеуметтік саясат жөніндегі Ертіс аудандық мәслихатының тұрақты комиссиясына жүктелсін.

6. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс*

*сессияның төрағасы*

*Ertis aудандық*

*мәслихатының хатшысы*

*T. Бейсекина*

*Ж. Беспаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК